БИЗНЕС-КОНСУЛЬТАЦИЯ

Бизнесіңізге арналған сараптамалық диагностика

ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА



«Бизнестегі әйелдер» бағдарламасын ЕҚДБ және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржыландырады

Бизнес-консультация: бизнесіңізге арналған сараптамалық диагностика

ҚАТЫСУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

1 Бизнес-консультация деген не

Микро және шағын бизнес кәсіпкерлеріне арналған тәжірибелі сарапшымен тегін консультация.
Бұл оқыту да, дәріс те емес. Сіз **нақты сұрақпен** келесіз, ал сарапшы жағдайды талдауға, ықтимал шешімдерді табуға және келесі қадамдарды анықтауға көмектеседі.

Нәтижесінде сіз:

- жазбаша жауап;
- немесе жеке онлайн-консультация **аласыз**.

2 Консультацияны қалай алуға болады?

1. **Сұрағыңызды тұжырымдаңыз:**
   Не болып жатқанын, сізді не қанағаттандырмайтынын және қандай нәтижеге қол жеткізгіңіз келетінін сипаттаңыз.
2. **Сауал қалдырыңыз:**
   Demeu for Business платформасындағы **«Сарапшыға сұрағым»** нысанын толтырыңыз.
3. **Сарапшыны алыңыз:**
   Сауал қажетті бағыт пен тіл бойынша маманға жолданады.
4. **Ұсынымдар алыңыз:**
   Сауалға байланысты – жазбаша жауап немесе онлайн-консультация алыңыз.
5. **Пікір қалдырыңыз:**
   Консультациядан кейін әсеріңізді бөлісіңіз.

Маңызды: бір сауал – бір негізгі міндет. Сұрақ қаншалықты нақты болса, ұсыным соғұрлым пайдалы болады.
Консультациялар қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді.

3 Не жөнінде жүгінуге болады?

1. **Қаржы** - Кірістер мен шығыстар • ақша ағыны • баға және өзіндік құн • берешек
2. **Маркетинг және сату** - Клиенттер • сату • тарту арналары • клиенттердің қайта оралуы • ұсыныс
3. **Ұйымдастырушылық даму** - Рөлдер мен жауапкершілік • жұмысты ұйымдастыру • шешім қабылдау • бизнестің иесіне тәуелділігі
4. **Персоналды басқару** - Қызметкерлерді іздеу және ұстап қалу • міндеттер • жауапкершілік • тәртіп
5. **Бизнес-процестер** - Қателер мен кешігулер • уақыт пен ақшаны жоғалту • жұмыс тәртібі • процестерді бақылау
6. **Стратегия және даму** - Мақсаттар • бизнестің өсуі • басым бағыттар • дамыту бойынша шешімдер

4 Білу маңызды!

Консультацияға мыналар кірмейді:

- қаржыландыру, несиелер мен гранттар;
- бизнес-жоспарларды, есептілік пен шарттарды дайындау;
- кәсіпкердің орнына бизнесті жүргізу;
- кәсіпкердің орнына шешім қабылдау.

Несиелеу және қарыз мәселелері бойынша KMF Банктің бөлімшесіне жүгініңіз.

Заң, салық және аудит мәселелеріне қатысты сұрақтар бейінді маманға беріледі.

Сарапшы **ұсынымдар мен ықтимал шешімдерді** береді.
Шешім қабылдау және оны іске асыру жауапкершілігі толықтай кәсіпкерге жүктеледі.

Құпиялылық: бизнесіңіз туралы ақпарат тек жауап дайындау үшін пайдаланылады. Жобаның есептілігінде деректер иесіздендіріледі.

Келе алмайсыз ба? Бізге **кемінде 24 сағат бұрын** хабарлаңыз. Ақпарат жеткілікті болса, сарапшы жазбаша жауап дайындай алады.

5 Платформаға сілтеме Консультация FAQ